

Шетелдік тәжірибе назар аударуға тұрарлық

Мемлекет басшысының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында полицияны азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет көрсететін орган ретінде қалыптастыру жөнінде қойылған міндет теориялық пайымдауды қажет етеді. Бұл тұрғыда шетелдік тәжірибе назар аударуға тұрарлық.

Бүгінде дамыған елдердің полициясы күш-жігерін халыққа қызмет көрсетуге бағыттап отыр. XXI ғасырдағы полиция қызметінің тұжырымдамалық негіздерін талқылауға арналған Мюнстердегі халықаралық полиция конгресінде (ГФР, 1998 ж.) полицияның жаңа моделінің элементтерінің бірі, оны белгілі бір аумақта халыққа қызмет көрсететін сервистік қызмет ретінде белгілеу болып табылатыны туралы айтылды. Ол полицияны ұйымдастыру мен басқаруда жаңа тәсілдер керектігін көрсетеді.

Осы саладағы шетелдік тәжірибені талдау Қазақстанда жүзеге асыруға болатын аса қажетті жобаларды белгілеуге мүмкіндік береді.

Ең алдымен, сервистік полицияның мақсаты мен міндеттеріне тоқталсақ, 1972-1977 жылдары Біріккен Корольдік полициясының ең көрнекті басшыларының бірі болған сэр Роберт Марк полиция аудиториясының алдында сөйлеген сөздерінің бірін былайша түйіндейді: «Біз атқарып жүрген полиция функциясы, еркін қоғамдағы ең лайықты және игілікті функциялардың бірі. Біз билікті күш арқылы емес, келісім арқылы танытамыз». Бұл мәлімдеме соңғы 50 жыл шамасында Батыс Еуропадағы дамыған полиция қызметі философиясында басты қағидаға айналды.

Германияда, Францияда, Ұлыбританияда, Жапонияда және басқа да алдыңғы қатарлы елдерде полицейлер қоғам мүшелерінің басым көпшілігінің қолдауымен өз қызметін атқарып келеді және әлеуметтік технологияны бұрыннан игерген, оның мәні полицияның қоғамдық тәртібін өзі қалағандай етіп қорғауы тиістігінде.

Бұл қоғамдық тәртіпті қорғаудың жаңа тәсілін қалыптастырудан және қылмыс деңгейін төмендетуден көрінеді: «қоғамдасқан полиция» оның аясында азаматтар құқықтық тәртіпті сақтау процесіне қатысушы ретінде қаралады.

Тиісінше, «қылмыс деңгейін төмендету» міндетінің орнына полицияның іс-қимылы қауымдасуға проблемаларын шешуге жұмылдырылған. Мұндай өзгерістің тұжырымдамалық негізі белгілі бір географиялық аудандағы қылмысты ауданның сипаттамалары мен проблемаларын зерттеу арқылы, содан кейін тиісті стратегия мен іс-шараларды қолдану арқылы төмендетуге болады деген сенім болды. Мысалы, белгілі бір аудандағы халықтың аса тығыздығы мәселе туғызуы мүмкін, бұл тонауға, жастар тарапынан бұзақылық және т.б. жасауға ықпал етеді; жезөкшелер «жиналанын» ауданның тас жолдарға жақын орналасуы тәуліктің қараңғы уақытында жол жүрісіне қауіп төндіреді. Қылмыс деңгейін төмендету үшін қоғамның жанайқайын көрсететін проблемаларды шешу қажет. Осылайша, қылмыстылық деңгейін төмендету міндеті жаңа

түсіндірмеде ұрлық, тонау, кісі өлтіру және т. б. деңгейінің өткен кезеңдермен салыстырғанда төмендеуіне қол жеткізуден артық нәрсені білдіреді. Ол, бір жағынан, қоғам проблемаларын, соның ішінде әлеуметтік мәселелерді де шешуді, сондай-ақ белгілі бір аудандарды мекендейтін адамдардың қорқыныш және қауіптен сезімдерін төмендетуді қамтиды.

Полицияның азаматтармен тығыз ынтымақтаса отырып қоғамға қызмет ету идеясы Батыста полицияны жазалаушы күш құрылымынан әлеуметтік қызметтердің кең түрін қамтитын, тәулік бойы қызмет көрсететін сервистік қызметке айналдырады, мұнда «қоғам – сатып алушы, ал полиция бөлімшесі – өзінің полициялық қызметін сатушы».

Осылайша, полиция қызметі негізінен қоғамдық сипат алады. Мәселен, АҚШ-тағы полиция қызметкерінің қызметтік уақытының 80 %-тен астамын азаматтарға түрлі мәселелерді шешуде көмек көрсетуді құрайды.

Мысалы, полицияның құқығы талданатын америкалық оқулықтарда полицияның 3 негізгі функциясы бөлініп көрсетіледі:

Қоғамдық тәртіпті сақтау. Бұл қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті сақтау үшін немесе басқадай түрде қоршаған ортаны алаңдатуы мүмкін мінез-құлыққа кедергі келтіретін кең өкілеттілік шеңбері. Полиция әдетте бұл жағдайларды заң бұзушылық ретінде қарастырмауды ұсынады;

Заң қолдану. Бұл өкілеттіктер, әдетте, заң бұзылған не қоғамдық тәртіпті бұзуға алғышарттар болған жағдайларда және күдіктінің жеке басының анықталуы немесе ол ұсталуы тиіс болғанда ғана пайдаланылады. Ең айқын жағдайлар: тонау, дене жарақатын келтіру, кісі өлтіру немесе бұзып ұрлау. Бұл полицияның негізгі қызметінің танымал түсінігі, бірақ мәжбүрлеуді қолдану жиілігі деликттің қоғамға қаншалықты қауіптілігіне байланысты болады;

Көмек көрсету. Көмек алғашқы көмек көрсету, туристік ақпарат беру, адасқан адамдарға көмек көрсету, сондай-ақ педагогикалық көмек (есірткіқолданудың алдын алу сияқты мәселелерде) түрінде көрсетілуі мүмкін. Кейбір дереккөздерге сәйкес полицияға шақырудың 80% қылмыспен байланысты емес. Себебі полиция қызметкерлері жыл бойында, тәуліктің 24 сағатында қолжетімді болғандықтан, азаматтар полицияға тек ауыр жағдайлар бойынша ғана емес, сонымен қатар елеусіз мәселелер бойынша да хабарласады. Соның нәтижесінде полицей көмегінің мәні жол бойындағы автокөмек көрсетуге, құзыреті бойынша қайда жүгіну керектігі мен кеңес беруде, үйінен жоғалып кеткендерді табуға, немесе азаматтың үйінде болмаған кезінде есіктің құлыптарын тексеруде болуы мүмкін.

Бұл халыққа әлеуметтік қызметтерді жедел медициналық және психологиялық көмек көрсетумен, жоғалған адамдарды іздеумен, жолда қиын жағдайға тап болған автокөлік жүргізушілеріне көмек берумен, тіпті жануарларды құтқарумен байланыстыратын басқа да дереккөздермен расталады. Сонымен қатар, бұл бағыттағы қызметтер АҚШ-та полицияны шақырудың 30-дан 40%-ке дейінгісін алатынын көрсетеді. Бұдан басқа, полицияның қоғамдық тәртіпті дәстүрлі сақтауы отбасылық және тұрмыстық жанжалдарға араласуы мен төрелік жасауды, көлік

қозғалысын қамтамасыз етуді, шу деңгейін бақылауды, қоғамдық орындардан тәртіп бұзушыларды алып кетуді, ол жерде тыныштық сақтауды қамтиды. Полицияның әрбір он шақырылуының үшеуі осы санаттағы қызметпен байланысты деп саналды.

Полиция қызметінің қаралып отырған философиясы полиция құрылымында ішінара басқаша түсініледі.

Осылайша, Англияда және Уэльсте полиция функцияларын келесілер орындайды:

- полиция офицері (Констебль) – бұл ант қабылдаған және қамауға алуға құқығы бар полиция қызметкері. Констебль – полицияның төменгі шені, бірақ шеніне қарамастан, полицияның барлық офицерлері өздерінің өкілеттілігі мен юрисдикциясы бойынша «констебль»;

- арнайы констебль – бұл қосымша істейтін полиция қызметкері, ол қылмыс жиі жасалатын орындарда патрульдей отырып немесе қылмыстың алдын алу бойынша бастамаларға қатыса отырып, өз уақытының көп бөлігін көшелерде өткізеді. Ол тұрақсыз негізде және толық емес жұмыс күні бойынша жұмыс істейді. Кезекшілік кезінде де, одан тыс жерде де полицияның тұрақты қызметкерінің барлық құқықтарына ие. Ерекшелігі, бұл жұмыс тегін негізде, яғни жұмыс үшін ақша төленбейді. Жұмыс орнына дейінгі жолақысы ғана төленеді. Алайда кейбір Полиция басқармалары оларға сыйлықақы/бонустар төлейді;

- полицияны қоғамдық қолдау қызметкерлері – бұл Англия мен Уэльстегі барлық 43 полиция басқармаларындағы азаматтық полиция (ант бермеген) қызметкерлері. Қадр констебльдерімен салыстырғанда өкілеттіктері шектеулі.

Олар алғаш рет 2002 жылы көпшілікке таныстырылды және бірінші болып Лондон полициясының жұмысына жалданды. Олар қызметтерін, азаматтар айырмашылықтарын көруі үшін, полиция офицерлерінің формасынан ерекшеленетін нысанды киімде атқарады.

Олардың жергілікті халықпен қарым-қатынас құрудағы маңызды рөлін атап өткен жөн, өйткені оларда мұндай қарым-қатынасқа қажетті уақыт пен жергілікті байланыстар бар. Полиция болып табылмайтын, консьерж, парктөрткі қызмет көрсететін персонал және көлік қызметкерлерін сияқты өзге мамандар да осы қатынастарда маңызды рөл атқара алады.

Олардың міндеттеріне патрульдер, әлеуметке қарсы көріністердің және ұсақ құқық бұзушылықтардың алдын алу, криминогендік жағдайға мониторинг жүргізу, полиция патрульдерін қолдау кіреді.

PCSO негізгі құқықтары:

- айыппұл түбіртектерін (тұрақ, иттерді ұстау ережелерін бұзу, қоқыс және т. б.) жазып беру;
- белгіленбеген жерде немесе жасы 18-ге толмаған адам тұтыңаны үшін ішімдікті тәркілеу;
- 16 жасқа толмаған адамдардан темекі өнімдерін алып қою;
- иесіз қалған автокөліктерді көшіру;
- жол белгілерін орнату;
- жол қозғалысын реттеу және т. б.

Зерттелетін үлгі азаматтардың полиция қызметін стратегиялық жоспарлау мен бағалауға қатысуының қызықты тәжірибесімен

тығыз байланысты.

Бұл маңызды, себебі халыққа полициямен қалай өзара іс-қимыл жасау керектігін және қандай нәтижелерді күту керектігін нақты көрсету қажет. Осы мақсатта, Ұлыбританияда полиция қызметінің міндеттемелері әзірленді, онда:

- халық күте алатын негізгі нәтижелер, яғни төтенше және аса шұғыл емес сұрақтарға жауап берудің ең қысқа уақыты;

- төтенше жағдайларға байланысты емес, өзінің алаңдаушылығы туралы хабарлауға арналған телефон нөмірі;

- жергілікті полиция командасы мүшелерінің аттары мен байланыс деректерін ұсыну;

- ай сайынғы жиналыстардың немесе қабылдаулардың уақытша параметрлері;

- қылмыс деңгейі және оны көше деңгейіне дейін төмендету жөніндегі әрекеттер туралы оңай қолжетімді ақпарат баяндалған.

Бұл тәжірибе АҚШ қалалары үшін полиция қызметінің Чикаголық баламалы стратегиясымен үйлестіріледі. Оның мәні қалалық полиция қызметтерін біріктіру, тұрғын үй және басқа да әлеуметтік қызметтерді тұрғындардың қатысуымен ұсыну. Ондағын мың тұрғын мен полицейлер жергілікті қылмыс пен тәртіпсіздік мәселелерін талдауды үйренді. Басты жаңалық барлық сұрауларды және қызмет көрсететін муниципалды басқарманың барлық маңызды бөлімдерін қамтитын қалалық қызмет көрсетулердің бір беттік сұрау бланкісі болды. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары бір апта ішінде барлық сауалдарға жауап беру міндетін өз мойнына алды. Әрбір патрульдік машинада басып шығарылған бланкілер, сондай-ақ тікелей машинадан жіберуге болатын онлайн-нұсқасы болған. Азаматтар полиция басымдығы аз деп санаған тәртіпсіздікпен байланысты мәселелерді көтерді, олар: граффити, қоғамдық орындарда алкогольді ішімдіктер ішу, вандализм, босқындық, қаңғыбастық, қайыршылық және тұрмыстық даулар.

Бағдарлама он жылдан астам жұмыс істеді. Қылмыспен тәртіпсіздік көрсеткіштері 7%-ке, ал топтық зорлық-зомбылық 10%-ке төмендеді. Бәрінен бұрын тонау мен шабуыл көрсеткіштері төмендеді. Ұрлық, көлікте айдап әкету және автокөлік вандализмі 8%-ке төмендеді.

Халықпен өзара қарым-қатынас шеңберінде «Ұлыбританияның тәртіп сақтаушылары» Мемлекеттік қайырымдылық қоры арқылы электрондық пошта бойынша және жасырын түрде қылмыстар туралы хабарлау тәжірибесі өзіне назар аудартады.

Аталған қор адамдар қылмыс туралы ақпарат беру үшін қоңырау шала алатын жасырын телефон нөмірі бар тәуелсіз қайырымдылық ұйым болып табылады. Балама ретінде оның веб-сайтында арнайы сауалнама толтыру арқылы берілуі мүмкін. Адамдар аты-жөнін хабарлауға міндетті емес және қоңыраулар қадағаланбайды, сондықтан олар сотта сөйлеуге немесе полицияға жауап беруге тура келмейтініне сенімді бола алады. Қордың мәліметінше, 2017-2018 жылдары 450 мыңнан астам қылмыс туралы мәлімет келіп түскен. Бұл сервис есірткілер мен ұрланған заттардың заңсыз айналымын анықтау кезінде де тиімді.

Халықпен қарым-қатынастың тағы бір қызықты нысаны Англия мен Уэльстегі қылмыстылықты

шолу болып табылады, олар – жеке үйлерде тұратын 16 жастағы және одан жасы асқан 50 мың азаматтың сауалнамасына негізделген жыл сайынғы зерттеулер. Бұл қылмыс құрбандарының жеке сауалнамасы болып келеді, оның барысында респонденттерден олардың жеке тәжірибесі, сондай-ақ қылмыс пен қоғамға қарсы мінез-құлықты қалай қабылдайтындығы туралы сұралады. Бұған тұрмыстық қылмыстар, ұрлық, соның ішінде бұзып ұрлау, көлік құралымен байланысты және жеке тұрғынға қарсы қылмыстар жатады.

Назар аударарлық тағы бір тәжірибе – полиция қызметкерлерінің жеке есеп беруі, сондай-ақ полицияның іс-әрекетіне объективті тергеу жүргізу мүмкіндігі.

Егер қоғамның өкілі нақты құрылымның жауабымен қанағаттанбаса немесе шағым өте салмақты болса, яғни дене күшін және арнайы құралдарды заңсыз қолдану немесе ауыр жарақатқа немесе өлімге қатысты болса, шағымдар бойынша тергеуді полицияның тәуелсіз комиссиясы жүргізіп, есеп дайындауы мүмкін.

Ұлыбританияда Liberty және Inquest сияқты бұқаралық ақпарат құралдары мен YEU қамтамасыз ететін полицияның есеп беруі жұмыс істейді. Олар үкіметке тәуелді емес және полиция саясатын немесе тәжірибесін сынға алады.

Біздің ойымызша, Қазақстанда практикалық тетікті құру үшін полиция қызметінің жаңа философиясын теориялық ұғынды бастау қажет, оның көмегімен азаматтар құқық қорғау органдарының қызметін үнемі бақылап, қамауға алуды жүзеге асыруды бақылауды, жеке өмірге араласуды, күш қолдануды қоса алғанда, заңдардың орындалуына ықпал ете алатын болады.

Ашықтық, есеп берушілік және бақылаушылық (ИМ Қоғамдық кеңесін, аумақтық полиция департаменттерінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құру, БАҚ-та жарияланымдарға, брифингтерге, азаматтарды қабылдауларға, халықпен есептік кездесулерге ден қою) қағидаттарын іс жүзінде іске асыру бойынша ұлттық полицияның алғашқы қадамдары – ИМ-нің қоғаммен диалогқа дайындығының куәсі.

Сонымен қатар халықтың осындай қоғамдық бақылауға деген қажеттілігі өте жоғары, полицияның халықпен осындай жұмысты ұйымдастыруға мүдделілігін де жоққа шығармау керек, соның арқасында жасырын қылмыстар анықталып, криминалдық фактілер мен оларға қатысты бар адамдар, есірткі заттарын өткізу орындары, притондар мен оларды ұстаушылар туралы мәліметтер және өзге де маңызды ақпарат жиналады. Зерттелетін институтты дәл осы тұрғыда қарастыру және дамыту қажет. Әрине, халықпен өзара іс-қимыл жасау және оның құқық қорғау органдарының қызметіне қатысуы әлеуметтік бақылау, қоғамдық пікір білдіру, оларға сенім білдіру нысаны болып табылады.

Қаралған ұстанымдарды еліміздің полиция қызметінің тәжірибесіне енгізу сенім деңгейін арттырып және оның жұмысына қатысты пікірді жақсартып қана қоймай, қызметкерлердің кәсібилігін көтеруге де мүмкіндік береді.

Нұрлан БИЕКЕНОВ,
ҚР ИМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
бастығы полиция полковнигі
заң ғылымдарының докторы,
доцент

Курсанттарды дербес бөлу комиссиясының отырысы

Кеше ғана Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының табалдырығын аттап, жоғары білім алуға келген мектеп түлектері, бүгін, міне 4 жыл білім алып, бірер айдан кейін, өз қалаған мамандықтарының кәсіби маманы атанады.

2020 жылдың 16 қаңтары күні ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында биылғы жылы оқу бітіретін түлектерді дербес бөлу комиссиясының отырысы өтті.

Комиссия отырысына, еліміздің түкпір-түкпірінен келген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне қарасты Ішкі істер департаментінің, Көліктегі полиция департаментінің, қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің өкілдері, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Кадр саясаты басқармасының



бастығы әділет полковнигі Қ.Ж.Жахин, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Кадр саясаты басқармасының бас маманы әділет подполковнигі Д.О.Әбділдаев, Академияның басшылығы, Ардагерлер кеңесінің төрайымы Б.Б. Мукажанова және 4-курс курсанттары қатысты.

Академияның бастығы полиция полковнигі Н.А.Биекенов ашып, барлық жиынға қатысушыларды күн тәртібімен таныстырды.

Жыл сайынғы дәстүрге айналған дербес бөлу комиссиясының отырысы жақсы деңгейде өтті. Курсанттарымыз жолдамалары бойынша толық жұмыспен қамтылып, оқу

ордасында игерген теориялық білімдерін енді тәжірибеде қолданады. Сонымен қатар отырыс барысында 4-курс курсанттары полиция сержанты Тұрсынбекұлы Қайрат, полиция қатарындағы З.М.Едлбаева, полиция қатарындағы Д.Ф.Оңғарбаева, полиция қатарындағы М.А.Төлегенова және ұйымдастырушылық қасиеттері, жетістіктерге жету жолындағы ерік-жігерлері үшін Шығыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің грамотасымен марапатталды. Бұл - оқу ордамыздың басшылығы, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері үшін үлкен қуаныш. Отырыс соңында облыстардың өкілдері курсанттармен кездесті.

Болашақ тәртіп сақшыларына сапарларың сәтті болсын демекпіз!

Баспасөз қызметі

Өткен жылғы жұмыс қорытындысы шығарылды

Өткен аптаның алғашқы күнінде, яғни 13 қаңтарда Қостанай станциясындағы желілік полиция бөлімінде ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаменті бастығының орынбасары полиция полковнигі Өтелбаев Нұржан Тажібайұлының төрағалығымен кеңейтілген жедел-кеңес өтті, онда 2019 жылғы 12 айындағы жедел-қызметтік жұмысының қорытындылары және алдағы кезеңдегі басым бағыттары қаралды.

Жедел кеңеске Қостанай станциясындағы ЖПБ бастығы полиция полковнигі Исин Адильжан Бақытжанұлы, ЖПБ жеке құрамы мен желілік полиция бөлімшелері қатысты.

2019 жылы қызмет көрсету учаскесінде 98 қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде –

54 қылмыс, 44 - қылмыстық қылмыс тіркелді.

Қылмыстық саласында ұрлықтар көбірек болып отыр, өткен кезеңде олардың жалпы саны -11,8% (51-ден-45-ке дейін), оның ішінде ұялы телефондар -19-ға азайды. Іздестіруде бір іздестірілуші қалып отыр. Іздестіру пайызы – 100,0.

Экстремизм және терроризммен күрес жүргізу саласы бойынша сыртқы бейнесі деструктивті-діни ағымдары белгілері бойынша 250 тұлға Қостанай облысы бойынша ҰҚҚД-не тапсырылды.

Тергеу бөлімшелерінің өндірісінде 297 сотқа дейінгі тергеу болды. Сотқа дейінгі тергеу бойынша 157 өндіріс, оның ішінде электрондық форматта -30 аяқталды.

Өртүрлі құқық бұзушылықтары үшін 1806 құқық бұзушы әкімшілік жауапкершілікке тартылды,

заңсыз көші-қон саласы бойынша әкімшілік жауапкершілікке 36 шетелдік азамат тіркелді. 2127315 теңгеге айыппұл салынды, оның ішінде 133131 теңге өндіріп алынды (62,58%).

Кеңесті қорытындылай келе Көліктегі ПД бастығының орынбасары полиция полковнигі Н.Т. Өтелбаев қылмыстылықпен күрес жүргізуді күшейту маңыздылығын атап өтіп, жұмыстың басым бағыттарын анықтады: кадрларды іріктеу және тәрбиелеу, барлық деңгейдегі басшылардың жауапкершілігі мен орындаушылығын жоғарылату, аумақтық, басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастыру, қылмыстардың ауыр түрлерімен күрес жүргізу, бастамалары бар қылмыстарды анықтау, өз қатарларында сыбайлас

жемқорлықпен күрес жүргізу. Сондай-ақ, жедел кеңесте барлық жеке құрамына ҚР ІІМ-нің 2019 жылғы 27 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адамның өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының № 292-Заңын және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы ІІМ Көліктегі полиция департаментін модернизациялау бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту туралы № 1134 бұйрығы жеткізілді.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

«Дельфин» балалар үйіне көмек қолын созды

Жақында басшылық құрамының ұйымдастыруы бойынша 3-курс курсанттары «Дельфин» балалар үйіне көмек көрсетуге барды.

Өсіп келе жатқан ұл-қыздарымызға жылы құшағымыздың әрдайым ашық екенін және әрқашан көмекке дайын екенімізді білдірген болатынбыз. Осы жолы баруымыздың мақсаты - балалар үйінің ауласын қардан тазалап беру. Қазақ ешқашан жетімін жылатпаған, дәл осындай тәлім-тәрбиені бойымызға сіңіріп өскен қазақ деген елдің ұл-қыздары болғандықтан атадан қалған тәлім-тәрбиенің жемісін берудеміз.

Балалар үйі ешқашан қараусыз қалмауын, алдағы уақытта іні-қарындастарымыздың қамын ойлап, қолдан келген барлық көмек көрсетуге дайынбыз. Бұл жолы ауланы тазартып, Қазақстанның ертеңгі болашағы, өскелең балалардың көңіл-күйіне де мән бердік. Біздің мақсатымыз - балалардың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік қажеттіліктеріне де көңіл бөлу.

3-курс курсанттары «Дельфин»



балалар үйіне көмек көрсеткендеріне дән риза және Академия басшылығына, курс басшылығы мен орынбасарларына алғысын білдіреді. «Дельфин» балалар үйінің басшылығы да еңбекті еш жібермей, курсанттардың көмек көрсеткенін бағалап, алғысын білдірді.

А. АЛЬНАЗАРОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай
Академиясының 3-курс
бастығының орынбасары
полиция майоры

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Бақытты нәресте көздері

Әр бала Жаңа жылда сыйлық алғанды армандайды. Бұл үміт, ғажайыптар мен қуаныш кезеңі. Бұл әсіресе қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар үшін қажет. Оларға шынымен жағымды эмоциялар қажет.



Қалыптасып кеткен дәстүрге сай ескі Жаңа жылды атап өтуі күні УК-161/3 мекемесінің қызметкерлері Жітіқара ауданының қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілеріне барды.

Жаңа жыл – бұл бәрі, әсіресе балалар асыға күткен мереке. Балалар әр түрлі нәрсені армандайды. Бірақ бұл мереке барлығына бірдей маңызды, шынайы қамқорлық пен назар – деді аға инспектор психолог әділет капитаны Изикеева Анна Анатольевна.

УК-161/3 мекемесінің қызметкерлері балаларды ескі Жаңа жыл мерекелерімен құттықтап, сыйлықтар табыс етті, сонымен қатар барлық тілектер мен мақсаттарға жетуде сәттіліктер тіледі. Балалардың көздеріндегі қуаныш және балалардан келген «алғыс» ешкімді бей-жай қалдырмады. Кездесу соңында басшылық пен балалар мекеме ұжымы мен жеке құрамға мерекелік көңіл-күй үнемі назар мен қамқорлық үшін алғысын білдірді, қонақтар балаларға денсаулық, бақыт, жаңа жылдағы армандарының орындалуын тіледі.

Г. КОЯНБАЕВ,
УК-161/3 мекемесі» РММ
бастығының ТЖ орынбасары
әділет майоры

Теміржол бойында кездесу өткізілді

Қостанай станциясындағы ЖПБ қызмет көрсету учаскесінде Қостанай станциясындағы ЖПБ әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері жолаушылар поездарында жолаушылармен кездесулерді ұдайы өткізіп отырады.



Теміржол көлігінде құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды алдын алу және ескерту, балалар жарақатын болдырмау, сондай-ақ, көлік полициясының жұмысы туралы қоғамдық пікірді зерделеу мақсатында 2020 жылғы 14 ақпанда әкімшілік полициясы бөлімшесінің қызметкерлері поез бастығы А. Байганинмен бірге «Қостанай-Қарағанды» бағытындағы № 327 жолаушылар поезында кездесу өткізді.

Аталған іс-шара барысында жолаушыларға Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI әкімшілік заңнамасы бойынша өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша заңды кеңестер беріліп, Елбасының қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға, бұзақылық пен мәдениетсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидаты қосымша түсіндірілді, сондай-ақ, жолаушыларға профилактикалық сипатындағы брошюралар үлестірілді.

Қостанай ст. ЖПБ